

"Субсидияланатын өсімдіктерді қорғау құралдары түрлерінің тізбесін және 1 бірлікке (литрге, килограмға, грамға, данаға) арналған субсидиялардың шекті нормаларын бекіту туралы" Жамбыл облысы әкімдігінің 2016 жылғы 28 шілдедегі № 240 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Жамбыл облыстық әкімдігінің 2016 жылғы 14 қарашадағы № 331 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2016 жылғы 28 қарашада № 3232 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы әкімдігінің 2017 жылғы 31 шілдедегі № 158 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы әкімдігінің 31.07.2017 № 158 қаулысымен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) .

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Субсидияланатын өсімдіктерді қорғау құралдары түрлерінің тізбесі және 1 бірлікке (литрге, килограмға, грамға, данаға) арналған субсидиялардың шекті нормаларын бекіту туралы" Жамбыл облысы әкімдігінің 2016 жылғы 28 шілдедегі № 240 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3151 болып тіркелген, 2016 жылдың 29 тамызында "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) келесі толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасымен толықтырылсын.

2. "Жамбыл облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулының мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны ресми жариялауға жіберуді;
- 3) осы қаулының Жамбыл облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;
- 4) осы қаулыдан туындайтын басқа да шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары А. Нұралиевке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

К. Көкрекбаев

Жамбыл облысы әкімдігінің
2016 жылғы 14 қарашадағы
№ 331 қаулысына қосымша

Субсидияланатын өсімдіктерді қорғау құралдары түрлерінің тізбесі және 1 бірлікке (литрге, килограмға, грамға, данаға) арналған субсидиялардың шекті нормалары

№	Субсидияланатын өсімдікті қорғау құралдарының (гербицидтер) түрлері	Өсімдікті қорғау құралдарының (гербицидтер) 1 килограммының (литр) құнының арзандату пайызы	(Алынған өсімдікті қорғау құралдарының (гербицидтер) 1 килограмға (литр) арналған субсидия нормалары, теңге
1	2	3	4
106	Эстерон 600, концентратты эмульсиясы (2-этилгексилді эфир түріндегі 2,4-Д қышқылы, 850 грамм/литр)	50	1804,5
107	Элюмис 105, майлы шашырама (мезотрион, 75 грамм/литр + никосульфурон, грамм/литр)	50	6316
108	Хвастокс 750, сулы ертінді (диметиламинді тұз түріндегі МЦПА, 750 грамм/литр)	50	2250
109	Галомекс, концентратты эмульсиясы (галоксифоп-П-метил, 108 грамм/литр)	50	4750
110	Клодимекс плюс, концентратты эмульсиясы (феноксапроп-п-этил, 90 грамм/литр + клодинафоп-пропагил, 45 грамм/литр + клоквинтосет-мексил, 34,5 грамм/литр)	50	5100
111	Тримекс плюс, в сулы дисперленген түйіршік (трибенурон-метил, 261 грамм/килограмм + метсульфурон-метил, 391 грамм/килограмм)	50	40500
112	Хломекс 48%, концентратты эмульсиясы (кломазон, 480 грамм/литр)	50	17500
113	Напалм, сулы ертінді(глифосат, 540 грамм/литр)	50	1350
114	Робусто, концентратты эмульсиясы (2-этилгексиловый грамм/литр)	50	1650

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК